

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
«ASTANA BILIM ACADEMY»**

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі
Сапаршы кеңестің хаттамасы
№ ____ « ____ » _____ 2025 ж.

«БЕКІТІЛДІ»

«Astana Bilim Academy»
ЖШС директорының бұйрығымен
« ____ » _____ 2025 жылғы № ____

**«ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ
БІЛІМ БЕРУ: НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАР МЕН ІСКЕ АСЫРУ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»**

педагогтердің біліктілігін арттыру курсының

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Сағат саны: 80

Оқу форматы: қашықтықтан оқыту

Мақсатты аудитория: техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған

Астана, 2025

МАЗМҰНЫ

1-бөлім	Жалпы ережелер	3
2-бөлім	Глоссарий	5
3-бөлім	Бағдарлама тақырыбы	8
4-бөлім	Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері	9
5-бөлім	Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны	10
6-бөлім	Оқу процесін ұйымдастыру	13
7-бөлім	Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету	14
8-бөлім	Оқу нәтижелерін бағалау	16
9-бөлім	Курстан кейінгі қолдау	18
10-бөлім	Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі	19

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«Техникалық және кәсіптік білім берудегі инклюзивті білім беру: негізгі қағидаттар мен іске асыру технологиялары» педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтерінің (бұдан әрі – Тыңдаушылар) біліктілігін арттыруға арналған білім беру процесін реттейді.

Бағдарламаның өзектілігі техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру практикасының тұрақты түрде кеңеюімен және ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін кәсіптік оқытудың қолжетімділігін, сапасын және нәтижелілігін қамтамасыз етудегі техникалық және кәсіптік білім беру педагогтерінің (бұдан әрі – ТжКБ) рөлінің артуымен айқындалады. Қазіргі жағдайда колледждер осы санаттағы білім алушылардың кәсіби және әлеуметтік интеграциясының негізгі буынына айналып, білім беру процесін ұйымдастыруға және педагог кадрлардың кәсіби даярлығына жаңа талаптар қояды.

Жалпыұлттық басымдықтар. Бағдарламаның мазмұны Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының (бұдан әрі – Тұжырымдама) ережелерімен өзара сабақтастырылған. Тұжырымдама аясында техникалық және кәсіптік білім беру жұмысшы кадрларды даярлау мен білім алушылардың әлеуметтік интеграциясының негізгі буыны ретінде қарастырылады. Тұжырымдаманың басым бағыттарының бірі техникалық және кәсіптік білім беруге сапалы әрі кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету, оның ішінде барлық мемлекеттік ТжКБ ұйымдарында инклюзивті оқыту үшін қажетті жағдайлар жасау болып айқындалған.

Осы контексте Бағдарлама колледждерде инклюзивті практиканы кеңейту міндетін педагогтердің білім беру әртүрлілігі жағдайында жұмыс істеуге кәсіби даярлығын дамыту арқылы практикалық тұрғыда іске асыруға бағдарланған. Тұжырымдамада ТжКБ жүйесін кадрлық қамтамасыз етуге және педагогикалық даярлықты жаңғыртуға ерекше назар аударылады, оның ішінде педагогтердің инклюзивті ортада оқу процесін ұйымдастыру әдістерін, оқу бағдарламалары мен жоспарларын бейімдеуді, оқу нәтижелерін бағалауды және білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін айқындауды міндетті түрде меңгеруі көзделеді.

Бағдарлама аталған стратегиялық қағидаттарды қолданбалы деңгейге көшіреді және ТжКБ педагогтерінде инклюзивті білім беруді іске асыру тетіктері туралы тұтас түсінік қалыптастырады: ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау мен ескеруден бастап, бейімделген тапсырмаларды жобалауға,

психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыруға және қолдаушы білім беру ортасын қалыптастыруға дейін. Осылайша, Бағдарлама инклюзивті кәсіптік білім беруді кадрлық қамтамасыз ету және ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды даярлау сапасын арттыру бөлігіндегі мемлекеттік саясатты іске асырудың тиімді құралы болып табылады.

Әлемдік трендтер. Инклюзивті білім беру саласындағы заманауи әлемдік үрдістер медициналық және компенсациялық модельден құқыққа негізделген және әлеуметтік тәсілге көшуімен сипатталады. Бұл тәсіл аясында білім беру денсаулық жағдайына, мүгедектікке немесе өзге де жеке ерекшеліктерге қарамастан әрбір адамның ажырамас құқығы ретінде қарастырылады. Аталған ұстаным БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияда бекітілген, онда мемлекеттердің барлық деңгейлерде білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету және кемсітусіз инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру міндеті атап көрсетілген (БҰҰ, 2006).

Білім беру саласындағы халықаралық ұйымдар инклюзияны білім беру саясатының жекелеген бағыты емес, білім беру жүйелерінің сапасы мен орнықтылығының көрсеткіші ретінде қарастырады. ЮНЕСКО баяндамаларында инклюзивті білім беруді тиімді іске асыру үшін физикалық, әлеуметтік, коммуникативтік және институционалдық кедергілерді жою, сондай-ақ білім алушылардың білім беру қажеттіліктерінің алуан түрлілігіне сәйкес мазмұнды, оқыту әдістерін және бағалауды бейімдей алатын педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамыту қажеттілігі ерекше атап өтіледі (ЮНЕСКО, 2017; ЮНЕСКО, 2020).

Халықаралық тәжірибеде инклюзияның тілдік және коммуникативтік аспектілеріне де айрықша назар аударылады. Инклюзивті тілді қолдану білім беру процесінде стереотиптер мен кемсітушілік практикалардың қайта өндірілуін болдырмайтын, өзара құрмет пен қауіпсіздікке негізделген білім беру ортасын қалыптастырудың тиімді құралы ретінде қарастырылады. ЮНЕСКО инклюзивті тілдің барлық білім алушылардың тең қатысуына ықпал ететінін және олардың білім беру қауымдастығына тиесілілік сезімін арттыратынын атап көрсетеді (ЮНЕСКО, 2019).

ЭЫДҰ-ның аналитикалық материалдары кәсіптік және техникалық білім беруде инклюзияға жүйелі тәсілдің қажеттілігін көрсетеді, мұнда инклюзивті практикалар білім беру нәтижелерін жақсартумен, әлеуметтік ұтқырлықты арттырумен және түлектердің еңбек нарығына кейінгі интеграциясымен тікелей байланысты. Халықаралық білім беру саясатында инклюзивті білім беруді табысты іске асыру педагогтердің біліктілігін мақсатты түрде арттырмайынша, кәсібиаралық өзара іс-қимылды дамытпайынша және дәлелді педагогикалық тәсілдерді енгізбейінше мүмкін еместігі атап көрсетіледі (ЭЫДҰ, 2018; ЭЫДҰ, 2021).

Осылайша, инклюзивті білім беру саласындағы әлемдік үрдістер инклюзия қағидаттарын декларативті түрде жариялаудан педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамытуға, қатысу кедергілерін азайтуға және барлық білім алушылар үшін сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған практикаға бағдарланған модельдерге көшу қажеттігін растайды.

2. ГЛОССАРИЙ

Бағдарламада келесі негізгі ұғымдар мен терминдер қолданылады(1-кесте).

1 кесте

Ұғымдар мен терминдер	Анықтамасы	Дереккөз
Мүгедектік белгісі бойынша кемсітушілік	мүгедектікке байланысты кез келген айырмашылықты, алып тастауды немесе шектеуді білдіреді; мұндай әрекеттердің мақсаты немесе нәтижесі басқа адамдармен тең дәрежеде саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық немесе кез келген өзге салада адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды тануды, іске асыруды немесе жүзеге асыруды кемсіту не жоққа шығару болып табылады.	БҰҰ, 2006; ҚР 2015 жылғы 20 ақпандағы № 288-V «Қазақстан Республикасының Заңы».
Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар	тиісті деңгейде және қосымша білім алу үшін арнайы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілігі бар балала	МЖБС (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы)
Инклюзивті білім беру	ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қол жеткізуі үшін жағдай жасау	МЖБС (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы)
Инклюзивті білім беру	ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс	ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы

Инклюзивті тіл	адамдарды және әлеуметтік топтарды құрметпен әрі кемсітусіз атауға бағытталған тіл қолдану тәсілі; ол стигматизациялаушы, шеттетуші немесе иерархиялайтын тұжырымдарды болдырмайды және қоғамдық әрі білім беру өміріне қатысушылардың барлығының тең қатысуына ықпал етеді.	UNESCO, 2019
ҚР инклюзивті саясаттың 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы	денсаулық жағдайына, мүгедектікке және өзге де жеке ерекшеліктерге қарамастан барлық азаматтардың әлеуметтік, білім беру, экономикалық және қоғамдық өмірге тең құқықпен, мүмкіндіктермен және жағдайлармен қатысуын қамтамасыз етуге бағытталған инклюзивті қоғамды қалыптастырудың мақсаттарын, қағидаттарын және басым бағыттарын айқындайтын стратегиялық мемлекеттік құжат.	ҚР инклюзивті саясаттың 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы
Ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар)	тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар).	ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы; ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы
Әмбебап дизайн	барлық адамдар үшін бейімделудің немесе арнайы дизайнның қажеттілігінсіз пайдалануға барынша мүмкін дәрежеде жарамды етуге арналған заттардың, жағдайлардың, бағдарламалардың және көрсетілетін қызметтердің дизайнын білдіреді.	БҰҰ, 2006; ҚР 2015 жылғы 20 ақпандағы № 288-V Заңы.
ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау	оп білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау ределение необходимых специальных условий для получения образования.	ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы
Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру	білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін	ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы

	адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет.	
Әлеуметтік жауапкершілік	индивидтің немесе әлеуметтік топтың қоғам алдындағы міндеттемелерді саналы түрде қабылдауға және орындауға дайын болуы, өз шешімдері мен мінез-құлқының әлеуметтік салдарын ескере отырып әрекет етуі, қоғамдық әл-ауқат пен орнықты дамуға ықпал етуі.	Durkheim, 1951
Әлеуметтік теңсіздік	қоғамның әлеуметтік құрылымындағы орнына байланысты әлеуметтік топтар арасында әлеуметтік, экономикалық, білім беру және мәдени ресурстарға қолжетімділіктегі тұрақты айырмашылықтардың болуы; бұл айырмашылықтар өмірлік мүмкіндіктер мен нәтижелердің тең болмауына алып келеді.	Weber, 1978
Білім алу үшін арнайы жағдайлар	оқу, сондай-ақ арнайы, жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, өмір сүру ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдауды, медициналық, әлеуметтік және ерекше балалардың, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім беру бағдарламаларын меңгеруі үшін қажетті өзге де іс-әрекеттерді қамтитын жағдайлар	МЖБС (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы)
Оқу бағдарламасы	меңгерілуі тиіс білім, біліктердің, дағдылар мен күзиреттіліктердің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.	МЖБС (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы)

Баланы толыққанды дамыту	қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, жағымды қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі	МЖБС (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы)
Эмоциялық интеллект	өз эмоцияларын және басқа адамдардың эмоцияларын тану, түсіну, саналы түрде қабылдау және басқару қабілеті, сондай-ақ эмоционалдық ақпаратты ойлау мен мінез-құлықты реттеу үшін пайдалану.	Salovey & Mayer, 1990

3. БАҒДАРЛАМА ТАҚЫРЫБЫ

Бағдарламаның жаңашылдық дәрежесі. Бағдарлама техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды инклюзиялау үдерісін жетілдіруге және оның тиімділігін арттыруға бағытталған. Қысқамерзімді біліктілікті арттыру курсы аясында педагогтер инклюзияның теориялық негіздері мен қағидаттарын зерделеп, ТЖКБ жүйесінде инклюзивті оқытуды ұйымдастыру мен іске асырудың практикалық әдістерін меңгереді.

Бағдарламаның практикалық маңыздылығы инклюзивті білім беруде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың әлеуметтік құзыреттілігін арттыруға бағытталған заманауи технологияларды қолдануымен айқындалады. Курс аясында әлеуметтік дағдыларды тікелей оқыту, үлгі арқылы әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру, ТЖКБ жүйесінде білім беру процесіне қатысушылардың топтық, оның ішінде ойын түріндегі белсенділіктерін ұйымдастыру көзделген. Бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде толыққанды оқуы мен дамуына жағдай жасап, олардың әлеуетін іске асыруына және қоғамның белсенді мүшесіне айналуына мүмкіндік береді. Осылайша, Бағдарлама ТЖКБ педагогтерінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен жұмыс істеуге қажетті дағдыларды қалыптастырудың негізін қалайды және олардың құрдастарымен оң өзара әрекеттесуіне ықпал етеді.

Білім беру жүйесінде ұқсас бағдарламалардың болуы/болмауын талдау. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен 2023–2025 жылдарға келісілген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының тізбесіне сәйкес

(<https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/833358?lang=ru>),

инклюзивті оқыту бағыты бойынша көптеген бағдарламалар бар. Алайда техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында инклюзивті оқытуды

ұйымдастыру мен басқаруға бағытталған бағдарламалар саны шектеулі және оларды ұсынатын небәрі 3 провайдер бар.

«Республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық біліктілікті арттыру орталығы» ЖШС	«Мектепке дейінгі ұйымдар, жалпы білім беретін мектептер мен колледждер педагогтерінің инклюзивті құзыреттілігін дамыту»
«Talar» КеАҚ	«Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы инклюзивті білім беру: заманауи әдістер мен практикалар»
«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы	«Техникалық және кәсіптік білім берудегі инклюзивті оқытудың негізгі аспектілері»

Инклюзивті білім беру техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың құқықтарын сақтаудың, сондай-ақ ТЖКБ жүйесіндегі білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін қолжетімді білім беруді қалыптастырудың маңызды аспектісі болып табылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін қолжетімді білім беруді ұйымдастыруға деген қоғамдық сұраныс ТЖКБ білім беру ұйымдарының алдына осы қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған міндеттер қояды.

Бағдарламаның өзектілігі Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасымен (2023 жылғы 28 наурыздағы № 249) расталады. Аталған құжатта ТЖКБ жүйесіндегі проблемалық мәселелердің бірі — ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың ТЖКБ жүйесіне төмен деңгейде тартылуы екені көрсетілген, оның негізгі себептерінің қатарында білім беру ұйымдарының және педагогтердің инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге дайын еместігі, сондай-ақ кадрлық құрамның жеткіліксіздігі атап өтіледі.

Осылайша, Бағдарлама ерекше білім беру қажеттіліктері бар әрбір студенттің колледж өміріне жайлы әрі толыққанды кірігуіне жағдай жасау үшін қажетті педагогтердің кәсіби дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІLETІН НӘТИЖЕЛЕРІ

Бағдарламаның мақсаты — педагогтерді білім беру процесінің барлық қатысушылары, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер (ЕБК) үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыруға даярлау; педагогтерді

инклюзивті білім берудің негіздеріне оқыту арқылы ЕБҚ бар студенттермен өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру.

Бағдарлама педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған, бұл әрбір ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттің колледж өміріне жайлы кірігуі үшін қолайлы жағдайлар жасауға, олардың эмоционалдық жай-күйін жақсартуға және психологиялық жайлылық деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері. Курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

- ЕБҚ бар студенттердің даму ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктерін анықтай алады;
- жеке білім беру бағдарламаларын (ЖББ) әзірлей алады;
- оқу процесін бейімдеп, инклюзивті білім беру ортасын қалыптастырады және студенттердің әлеуметтік бейімделуін қолдайды;
- ЕБҚ бар студенттердің ата-аналарымен, сондай-ақ басқа мамандармен (психологтар, логопедтер және т.б.) тиімді өзара әрекеттесе алады;
- қорытынды тестілеуді кемінде 70% нәтижемен сәтті тапсыру арқылы теориялық материалды жоғары деңгейде меңгергенін көрсетеді.

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны педагогтердің техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру процесін ұйымдастырудың теориялық негіздерін, әдіснамалық тәсілдерін және практикалық құралдарын бірізді түрде меңгеру логикасына сәйкес құрастырылған. Бағдарлама 80 академиялық сағат көлемінде іске асырылады және 10 оқу күніне есептелген.

Бағдарламаның мазмұны модульдер бойынша құрылымдалған. Әрбір модуль тақырыптық тұрғыдан өзара байланысты оқу күндерін біріктіріп, инклюзивті оқытуды іске асыру, қолжетімді білім беру ортасын жобалау және ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды сүйемелдеу үшін қажетті педагогтердің кәсіби құзыреттерін кезең-кезеңімен дамытуға бағытталған.

1-модуль. ТжКБ жүйесіндегі инклюзивті білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздері. Модуль тыңдаушыларда инклюзивті білім берудің мәні мен қағидаттары, сондай-ақ оны техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде іске асырудың әдіснамалық негіздері туралы тұтас түсінік қалыптастыруға бағытталған. Инклюзивті білім берудің заманауи модельдері, ТжКБ-ның білім алушыларды әлеуметтік және кәсіби интеграциялаудағы рөлі, сондай-ақ инклюзивті білім беру саясатының нормативтік-құндылықтық негіздері қарастырылады.

2-модуль. Білім беру ортасындағы инклюзивті мәдениет, теңдік және кәсіби коммуникация. Модуль мазмұны білім берудегі теңдік пен әлеуметтік әділеттілік тұжырымдамаларын ұғынуға, сондай-ақ ТЖКБ ұйымдарында инклюзивті мәдениетті қалыптастыруға бағдарланған. Инклюзивті тілді қолдану, стигматизацияның алдын алу және барлық білім алушылар үшін психологиялық тұрғыдан қауіпсіз әрі қолдаушы білім беру ортасын құру мәселелеріне ерекше назар аударылады.

3-модуль. ТЖКБ жүйесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқытуды ұйымдастыру. Модуль білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және ескеру, сондай-ақ жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін есепке ала отырып, білім беру процесін жобалау мәселелеріне арналған. Жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру тәсілдері, кедергісіз білім беру ортасын қалыптастыру, оқу кеңістіктерін бейімдеу және арнайы оқыту құралдарын пайдалану қарастырылады.

4-модуль. Инклюзивті оқытудағы педагогикалық технологиялар және педагогтің кәсіби рөлі. Модуль аясында тыңдаушылар ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың табысты оқуы мен әлеуметтенуін қамтамасыз етуге бағытталған инклюзивті оқытудың заманауи әдістері мен тәсілдерін меңгереді. Сараланған тапсырмалар, жұптық және топтық жұмыс, жобалық қызмет, сондай-ақ педагогтің білім алушылармен, олардың ата-аналарымен және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандарымен кәсіби өзара іс-қимылы мәселелері қарастырылады.

5-модуль. Инклюзивті білім беруді іске асыру практикасы, рефлексия және нәтижелерді бағалау. Қорытынды модуль ТЖКБ педагогтерінің практикалық қызметінде меңгерілген тәсілдер мен құралдарды қолдануға бағытталған. Тыңдаушылар инклюзивті оқыту бойынша ситуациялық кейстерді талдайды, әдістемелік материалдар әзірлейді, рефлексивтік тапсырмаларды орындайды және инклюзивті білім беру саласындағы кәсіби құзыреттердің қалыптасу деңгейін бағалауға бағытталған қорытынды бағалаудан өтеді.

Бағдарламаның мақсаты, міндеттері мен күтілетін нәтижелерінің өзара байланысы модульдердің логикалық бірізділігі мен мазмұны арқылы қамтамасыз етіледі. Әрбір модульді меңгеру өзіндік және практикаға бағдарланған тапсырмаларды орындаумен қатар жүреді, бұл алынған білімдер мен дағдыларды техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби қызметіне тиімді көшіруге ықпал етеді.

Бағдарламаның жоспары

Күн	Күн тақырыбы	Сабақ тақырыптары	Сағат саны
1-МОДУЛЬ. ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ			
1-күн	Курсқа кіріспе	«ТжКБ-дағы инклюзивті білім беру: негізгі қағидаттар мен іске асыру технологиялары» бағдарламасының мақсаттары, міндеттері және құрылымы. Инклюзивті білім берудің негіздері	8
2-күн	Инклюзивті білім берудің әдіснамасы	Инклюзивті білім берудің әдіснамасының негізгі компоненттері. Инклюзивті білім беруді дамытудың модельдері	8
2-МОДУЛЬ. БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДАҒЫ ТЕНДІК, ИНКЛЮЗИВТІ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ			
3-күн	Теңдік тұжырымдамалары және инклюзивті тіл	Инклюзивті тәсілдің тиімділігі. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін инклюзивті білім берудің ерекшеліктері.	8
3-МОДУЛЬ. ТЖКБ ЖҮЙЕСІНДЕ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ			
4-күн	ЕБҚ бар студенттерді оқытудың ерекшеліктері	Ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және ескеру. Жеке білім беру бағдарламаларын (ЖББ) әзірлеу.	8
5-күн	Кедергісіз білім беру ортасын қалыптастыру	Оқу кеңістіктерін бейімдеу, арнайы оқыту құралдарын пайдалану, көмекші қызметтерді ұйымдастыру.	8
4-МОДУЛЬ. ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ПЕДАГОГТІҢ КӘСІБИ РӨЛІ			
6-күн	Инклюзивті оқытудың әдістері мен тәсілдері	ЕБҚ бар студенттердің табысты оқуы мен әлеуметтенуі үшін жағдай жасау. Сараланған тапсырмаларды, жұптық жұмысты және жобалық қызметті қолдану.	8
7-күн	Инклюзивті білім берудегі педагогтің рөлі	ЕБҚ бар студенттермен өзара әрекеттесуге, ата-аналармен және мамандармен ынтымақтастыққа арналған әдістер, тәсілдер және ресурстар.	8
5-МОДУЛЬ. ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУДЫҢ ПРАКТИКАСЫ, РЕФЛЕКСИЯСЫ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ			
8-күн	Практикалық дағдылар	Инклюзия бойынша ситуациялық кейстерді шешу арқылы нақты мысалдар негізінде дағдыларды пысықтау. Әдістемелік материалдарды әзірлеу.	8
9-күн	Рефлексивтік есептер	ТжКБ жүйесіндегі инклюзивті оқыту бойынша рефлексивтік есепті әзірлеу. Курстың қорытынды рефлексиясы.	4
10-күн	Қорытынды тестілеу және курсты аяқтау	Қорытынды тестілеу. Нәтижелерді талдау. Курсты жабу, сертификаттарды тапсыру.	4

6. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Бағдарламаның оқу процесін ұйымдастыру ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, қашықтан оқыту форматында жүзеге асырылады. Бағдарламаны іске асыру негізінен асинхронды оқыту формаларын көздейді, бұл мазмұнды меңгеруде икемділікті, жеке оқу қарқынын таңдауды және тыңдаушылардың оқу жүктемесін өз бетінше жоспарлауын қамтамасыз етеді.

Бағдарламаны іске асырудың негізгі білім беру платформасы — Moodle қашықтан оқыту платформасы (<https://course.astanabilim.kz/login/>), ол оқу материалдарына, бейнедәрістерге, практикалық тапсырмаларға, авторлық бағдарламаны жобалауға арналған үлгілерге, сондай-ақ өзіндік жұмыс пен қалыптастырушы кері байланыс алуға арналған құралдарға орталықтандырылған қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Бағдарламаның жалпы көлемі 80 академиялық сағатты құрайды және 2 апта (10 оқу күні) ішінде жүзеге асырылады. Бір академиялық сағат 45 минутқа тең. Бір оқу күнінің ұзақтығы 8 академиялық сағатты қамтиды және теориялық материалды меңгеруді, практикалық және өзіндік тапсырмаларды орындауды, сондай-ақ авторлық білім беру бағдарламасын кезең-кезеңімен әзірлеу жұмыстарын қамтиды.

Теориялық материалды меңгеру негізінен Moodle платформасында орналастырылған бейнедәрістер форматында жүзеге асырылады. Бейнедәрістер педагогикалық дизайнның негізгі ұғымдарын, білім беру бағдарламаларын әзірлеудегі әдіснамалық және дидактикалық тәсілдерді, оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелерді жобалау логикасын, бағдарламаның құрылымы мен мазмұнын, бағалау формаларын және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді ашуға бағытталған.

Теориялық материалды меңгеру Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарында көзделген міндетті оқу әрекеттерін орындаумен тығыз байланыста жүзеге асырылады. Практикалық бөлім аналитикалық, жобалық және рефлексивтік тапсырмаларды, нормативтік-құқықтық және әдістемелік құжаттармен жұмысты, сондай-ақ авторлық бағдарламаның жекелеген элементтерін әзірлеуді және оларды біртұтас білім беру өніміне интеграциялауды қамтиды.

Оқу процесі ересектерді оқытудың практикаға бағдарланған және жобалық тәсілдері негізінде құрылады. Бұл тыңдаушыларды өз педагогикалық тәжірибесін талдауға, кәсіби міндеттерді ұғынуға және пәндік саланың ерекшелігін, білім

алушылар санатын және нақты білім беру ұйымының жағдайларын ескере отырып, авторлық білім беру бағдарламасын жүйелі түрде жобалауға белсенді тартуды көздейді.

Тыңдаушылардың өзіндік жұмысы Moodle платформасы арқылы ұйымдастырылады және бейнедәрістерді қарауды, оқу және әдістемелік материалдарды зерделеуді, практикалық және рефлексивтік тапсырмаларды орындауды, сондай-ақ ұсынылған әдебиеттермен жұмысты қамтиды. Бағдарламаның оқу материалдарына қолжетімділік кезең-кезеңімен меңгеру қағидаты бойынша ұйымдастырылады: келесі оқу күніне қолжетімділік алдыңғы оқу күнінің барлық міндетті оқу әрекеттері орындалғаннан кейін беріледі. Бұл тетік Бағдарлама мазмұнын меңгерудің логикалылығын, бірізділігін және саналы түрде жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

Оқыту Бағдарламаның тренері (сарапшысы) тарапынан жүзеге асырылады. Тренер оқу процесін жоспарлайды және сүйемелдейді, тыңдаушыларға әдістемелік қолдау көрсетеді, тапсырмаларды орындау бойынша қалыптастырушы кері байланыс береді және авторлық білім беру бағдарламасын әзірлеу мәселелері бойынша кеңес береді. Тренер Бағдарламаның логикасын, тұтастығын және әдістемелік негізділігін сақтай отырып, мазмұнын өзекті отандық және халықаралық материалдармен толықтыруға құқылы.

Білім беру бағдарламасы қорытынды жобалық тапсырманы орындаумен аяқталады. Бұл тапсырма авторлық білім беру бағдарламасын немесе оның құрылымдалған элементтерін әзірлеуді және тыңдаушылардың педагогикалық дизайнның негізгі тәсілдерін, қағидаттарын және құралдарын меңгергенін растауға бағытталған қорытынды бағалау іс-шарасынан өтуді көздейді.

7. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтерінде инклюзивті білім беру процесін жобалау және іске асыру, қолжетімді әрі қолдаушы білім беру ортасын қалыптастыру, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды сүйемелдеу үшін қажетті кәсіби құзыреттерді дамытуға бағытталған. Оқу-әдістемелік кешен оқытудың әмбебап дизайны (Universal Design for Learning, UDL) логикасына негізделіп құрылған және оқу материалын ұсынудың вариативтілігін, оқу қызметі нысандарының икемділігін және оқу нәтижелерін көрсету мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағдарланған.

Бағдарламаны іске асыру аясында ТЖКБ жүйесіндегі инклюзивті білім берудің теориялық және әдіснамалық негіздерін құрылымдалған түрде меңгеруге бағытталған бейнедәрістер, сондай-ақ меңгерілген материалды кәсіби контексте қолдануға бағдарланған өзіндік тапсырмалар пайдаланылады. Бейнедәрістер негізгі ұғымдар, қағидаттар мен тәсілдер бойынша ортақ түсінікті қалыптастырады, ал өзіндік тапсырмалар теориялық қағидаларды ТЖКБ ұйымдарындағы педагогикалық қызмет практикасына көшіруге ықпал етеді.

Бағдарламаның оқу-әдістемелік кешені мыналарды қамтиды:

- педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;
- тыңдаушыларға арналған силлабус (Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері, құрылымы, тақырыптық жоспары, оқу қызметінің нысандары және күтілетін оқу нәтижелері);
- тренерге арналған сабақ жоспарлары (мақсаттары, мазмұны, жұмыс әдістері және оқу қызметін ұйымдастыру нысандары);
- бейнедәрістер мен презентациялық материалдар;
- инклюзивті білім беру және оқытудың әмбебап дизайны қағидаттарын меңгеруге арналған әдістемелік және үлестірімелі материалдар;
- педагогикалық жағдаяттарды талдауға, инклюзивті білім беру ортасының элементтерін әзірлеуге және жеке кәсіби тәжірибені рефлексивті ұғынуға бағытталған практикалық және рефлексивтік тапсырмалар.

Бағдарламаның практикаға бағдарланған сипаты өзіндік тапсырмаларды орындау, ТЖКБ жүйесіндегі инклюзивті оқыту бойынша кейстермен жұмыс, білім беру процесінің бейімделген элементтерін жобалау және кәсіби шешімдерді рефлексивті тұрғыда пайымдау арқылы қамтамасыз етіледі. Рефлексия Бағдарламаның барлық модульдеріне кіріктірілген және педагогтерде өз кәсіби қызметіне саналы көзқарас қалыптастыруға, сондай-ақ инклюзивті практикаларды іске асыруға дайындықты дамытуға бағытталған.

Теориялық қағидалар мен практикалық қызметтің өзара байланысы бейнедәрістерді, практикалық тапсырмаларды және әдістемелік материалдарды жүйелі түрде үйлестіру арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл педагогтердің кәсіби құзыреттерін тұрақты қалыптастыруға және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беруді тиімді іске асыруға дайын болуына ықпал етеді.

8. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

Курс тыңдаушыларын бағалау

№	Сипаттамасы	Үлес салмағы, % нәтижелеріне сәйкестігі	Курстың күтілетін	Орындау мерзімі
1	ТЖКБ жүйесіндегі инклюзивті оқыту бойынша әдістемелік материалды қорғау	50%	3, 4, 5	9-күн
2	Қорытынды тестілеу	40%	1, 2,4,5	10-күн

Курс тапсырмаларының сипаттамасы

№ 1. ТЖКБ жүйесіндегі инклюзивті оқыту бойынша әдістемелік материалды қорғау. Әрбір тыңдаушы немесе тыңдаушылар тобы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі инклюзивті оқытуға арналған әдістемелік материал әзірлейді. Әзірленген материал кейіннен колледж жағдайында практикалық қызметте пайдалануға арналған.

Әдістемелік материалдың құрылымы. Бейімделген білім беру бағдарламасы:

1. Мақсатты бөлім:

- түсіндірме жазба;
- бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері;
- жоспарланған нәтижелер.

2. Мазмұндық бөлім:

2.1. Білім беру компоненті – бағдарлама аясында оқытылатын оқу пәндері мен тақырыптарының сипаттамасы;

2.2. Түзету компоненті – бұзылыстарды еңсеруге немесе жеңілдетуге бағытталған түзету сабақтары;

2.3. Тәрбиелік компонент – оқу процесінде қалыптастырылатын тұлғалық қасиеттер мен әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларының сипаттамасы.

3. Ұйымдастырушылық бөлім:

- оқу жоспары;
- күнтізбелік оқу кестесі;
- оқу курстарының бағдарламалары;
- түзету жұмысының бағдарламасы;
- әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастыру бағдарламасы.

№ 2. Қорытынды тестілеу. Әрбір дұрыс жауап **1 баллмен** бағаланады. **Ең жоғары балл – 25.**

Тест нәтижелері курстың негізгі мазмұнын меңгеру және негізгі аспектілерді түсіну деңгейін көрсетеді:

- **23–25 балл** – жоғары меңгеру деңгейі (92%-дан жоғары);
- **18–22 балл** – жеткілікті деңгей (72%-дан жоғары);
- **10–17 балл** – базалық деңгей, доработканы қажет етеді (40%-дан жоғары);
- **0–9 балл** – төмен деңгей, қосымша дайындық қажет (36%-ға дейін).

Қорытынды тестілеуге арналған сұрақтар матрицасы

Бөлім	Сұрақтар саны	Сұрақтардың бағыттылығы	Сұрақтар үлгілері
«ТЖКБ жүйесіндегі инклюзивті білім беру: негізгі қағидаттар мен іске асыру технологиялары» курсы бойынша жалпы сұрақтар	5	Бағдарламаның мақсаттарын, міндеттерін және құрылымын түсінуді тексеру	1) Инклюзивті білім беру нені білдіреді? 2) ТЖКБ жүйесіндегі инклюзивті білім берудің негізгі қағидаттарын атаңыз. 3) Бейімделген оқу материалдарының бейімделмеген материалдардан айырмашылығы неде?
Инклюзивті білім беру саласындағы НҚА бойынша сұрақтар	10	Инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді білуін тексеру	1) Мүгедектігі бар адамдар үшін мемлекет қандай қолдауды кепілдейді? 2) Қай нормативтік актіде ТЖКБ ұйымдарындағы инклюзивті ортада оқу процесін ұйымдастыру әдістері бойынша педагогтерді оқыту көзделген? 3) ТЖКБ ұйымдарына ЕБҚ бар адамдарды қабылдау квотасын кім айқындайды?
Инклюзивті білім берудің әдіснамасы бойынша сұрақтар	5	Инклюзивті білім беруді дамыту үдерісін түсінуді бағалау	1) «Білім алуға арналған арнайы жағдайлар» термині нені білдіреді? 2) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар инклюзивті білім беру жағдайында қандай бағдарламалар бойынша оқытылады?
Тақырып бойынша сұрақтар: ЕБҚ бар студенттерді оқытудың ерекшеліктері	5	Оқу бағдарламасына енгізілген тақырыптардың мазмұны мен мақсаттарын білуін тексеру	ЕБҚ бар студенттерді оқу процесіне тарту үшін қандай әдістер мен тәсілдерді қолдануға болады?

9. НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Бағдарламаның курстан кейінгі қолдауы тыңдаушылардың меңгерген инклюзивті білім берудің қағидаттарын, тәсілдері мен педагогикалық технологияларын ТЖКБ ұйымдарындағы кәсіби қызметінде қолдану үдерісінде қолдауға бағытталған. Қолдау оқыту нәтижелерін бекітуге және оларды қолжетімді білім беру ортасын жобалау, оқытуды ұйымдастыру және ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды сүйемелдеу практикасына көшіруге бағдарланған.

Курстан кейінгі қолдау форматы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, Бағдарлама түлектерімен қашықтан өзара әрекеттесуді көздейді. Оқу барысында әзірленген оқу материалдарына, әдістемелік ұсынымдарға және құралдарға қолжетімділік Бағдарлама аяқталғаннан кейін белгіленген кезең ішінде сақталады, бұл тыңдаушыларға ТЖКБ ұйымдарында инклюзивті практикаларды іске асыру барысында материалдарға қажеттілікке қарай жүгінуге мүмкіндік береді.

Курстан кейінгі қолдаудың нысандарына инклюзивті білім беру процесін ұйымдастыру, оқытудың әмбебап дизайны қағидаттарын қолдану, оқу мазмұны мен әдістерін бейімдеу, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды сүйемелдеу бойынша консультациялық қолдау мен әдістемелік ұсынымдар жатады. Сонымен қатар инклюзивті білім беру саласындағы практикалық жағдайлар мен шешімдерді талқылауға бағытталған қашықтан өзара әрекеттесу форматында педагогтердің кәсіби тәжірибе алмасуы көзделген.

Курстан кейінгі қолдаудың әдістері оқу барысында әзірленген педагогикалық шешімдерді түзету және бейімдеу бойынша әдістемелік пікірлер мен ұсынымдарды ұсынуды, сондай-ақ ТЖКБ жүйесінде инклюзивті оқытуды іске асыру тәжірибесін ұғынуға бағытталған рефлексивтік кері байланысты қамтиды. Қолданылатын әдістер педагогтердің кәсіби дербестігін қолдауға және білім беру алуан түрлілігі жағдайында олардың әрі қарай кәсіби өсу қабілетін дамытуға бағытталған.

Осылайша, Бағдарламаның курстан кейінгі қолдауы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби қызметінде оқыту нәтижелерін тұрақты қолдануға жағдай жасайды және инклюзивті білім беруді іске асыру сапасын ұзақ мерзімді перспективада арттыруға ықпал етеді.

10. НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері

1. Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года № 319-III. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_#z2
2. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_#z2
3. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI «Педагог мәртебесі туралы» Заңы. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1900000293>
4. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы.
5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 326 қаулысы «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарды бекіту туралы».
6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы». URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249#z198>
7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1143 қаулысы «Қазақстан Республикасындағы 2025–2030 жылдарға арналған инклюзивті саясат тұжырымдамасын бекіту туралы».
8. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушысының 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы «Педагог» кәсіби стандартын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 желтоқсанда № 31149 болып тіркелген). URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031149>
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы. «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы».
10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы. «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы».
11. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы. «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық

сүйемелдеу қызметінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы».

12. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен 2023–2025 жылдарға келісілген педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының тізбесі. URL:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/details/833358?lang=ru>

Негізгі және қосымша әдебиеттер

13. Байменова Б., Бекова Ж., Жубакова С. (2015). *Инклюзивті білім беру жағдайында балалармен жұмыс істеуге болашақ педагог-психологтардың психологиялық дайындығы. Procedia – Social and Behavioral Sciences*, 205, 577–583.

14. Гольник О., Волоковая Т. *Қазақстандағы инклюзивті білім беру: даму ерекшеліктері мен перспективалары.* URL:

<https://www.nur.kz/family/school/1715660-inkluzivnoe-obrazovanie-v-kazahstane-i-za-rubezom/>

15. Ерсарина А. К. (2022). *Жалпы білім беретін ұйымдарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық сүйемелдеу: әдістемелік ұсынымдар.* Алматы: ННПЦ РСИО.

16. *Іс жүзіндегі инклюзия: қазақстандық колледждер нені ұсына алады.*

URL: <https://inva.kz/2021/02/18/inklyuziya-na-dele-cto-mogut-predlozhit-kazahstanskije-kolledzhi/>

17. Онтарио адам құқықтары жөніндегі комиссиясы. *Мүгедектігі бар студенттердің білім алуындағы негізгі кедергілер* (ақпараттық бюллетень).

URL: <https://www.ohrc.on.ca/en/main-barriers-education-students-disabilities-fact-sheet>

18. Мёдова Н. А. (2012). *Инклюзивті білім беру сызбалар мен кестелерде: әдістемелік құрал.* Томск.

19. Мирошниченко Е. А. (2018). *Инклюзивті білім берудің негіздері: оқу-әдістемелік құрал.* Славянск-на-Кубани: Кубань мемлекеттік университетінің филиалы.

20. Нуркина М. *Инклюзия — болашақтың негізі.* URL: <https://qyzyljartv.kz/ru/news/6073>

21. Біріккен Ұлттар Ұйымы. (2006). *Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция.* URL: <https://www.un.org/development/desa/disabilities/convention-on-the-rights-of-persons-with-disabilities.html>

22. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ). (2018). *Білімге бір көзқарас: ЭЫДҰ көрсеткіштері.* Париж: ЭЫДҰ баспасы. URL:

<https://doi.org/10.1787/eag-2018-en>

23. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ). (2021). *Білім беру саясатына шолу: орнықты және бейімделгіш білім беру жүйелерін қалыптастыру*. Париж: ЭЫДҰ баспасы. URL:

<https://www.oecd.org/education/policy-outlook/>

24. ЮНЕСКО. (2017). *Білім берудегі инклюзия мен теңдікті қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық*. Париж: ЮНЕСКО. URL:

<https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000248254>

25. ЮНЕСКО. (2019). *Инклюзивті тілді қолдану жөніндегі нұсқаулық*. URL:

<https://www.unesco.org/en/articles/guidelines-inclusive-language>

26. ЮНЕСКО. (2020). *Білімді мониторингтеудің жаһандық баяндамасы: «Инклюзия және білім — әркім маңызды»*. Париж: ЮНЕСКО. URL:

<https://www.unesco.org/gem-report/en/2020>